


---

# ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ



# Патологии речи:

- Эхολалия;
- Дизартрия;
- Ринолалия;
- Алалия;
- Афазия (расстройство речи);
- Нарушение артикуляции (афазия Брока);
- Нарушения письма (аграфии);
- Расстройства понимания устной речи (афазия Вернике);
- Нарушения чтения (алексия)

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ МЫНАДАЙ:**

---

- **ДИСЛАЛИЯ– ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ МЕН СӨЙЛЕУ МҮШЕЛЕРІНІҢ ИНВЕРВАЦИЯСЫ ДҰРЫС САҚТАЛҒАНДА КЕЗДЕСЕТІН ТІЛДІК ДЫБЫСТАРДЫҢ БҰЗЫЛЫП АЙТЫЛУЫ. СИНОНИМДЕРІ: ТІЛ МҮКІСТІГІ, ТІЛ ДЫБЫСТАРЫН АЙТУ КЕМІСТІГІ, ФОНЕТИКАЛЫҚ КЕМІСТІК.**
- **РИНОЛАЛИЯ– СӨЙЛЕУ МҮШЕЛЕРІНІҢ АНАТОМИЯЛЫҚ– ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КЕМІСТІКТЕРІНІҢ САЛДАРЫНАН ДАУЫС ӘУЕЗДІЛІГНІҢ, ТЕМБРІНІҢ, ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ. СИНОНИМДЕРІ МҰРЫНМЕН СӨЙЛЕУ.**
- **ДИЗАРТРИЯ– ЖҮЙКЕ ТАМЫРЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ ДИЗАРТРИЯНЫҢ АУЫР ТҮРІ АНАРТРИЯ ДЕП АТАЛАДЫ .ОНДАЙ ЖАҒДАЙДА АДАМ ДЫБЫС АЙТУ МҮМКІНШІЛІГІНЕН АЙРЫЛАДЫ.**
-

**ТҰТЫҚПА- СӨЙЛЕУ МҮШЕЛЕРІНІҢ БҰЛШЫҚ ЕТТЕРІНІҢ ТАРТЫЛУ САЛДАРЫНАН СӨЙЛЕУДІҢ ЫРҒАҚТЫҒЫНЫҢ, ЖЫЛДАМДЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ. СИНОНИМДЕРІ: ЛОГОНЕВРОЗ.**

---

- **АЛАЛИЯ- БАС МИ ҚАБЫҒЫНДАҒЫ ТІЛ АЙМАҚТАРЫ (ЗОНАСЫНЫҢ) ЖАСТАЙЫНАН ЗАҚЫМДАНУЫНЫҢ ӘСЕРІНЕН БАЛАДА СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖЕТІЛМЕУІ НЕМЕСЕ МҮЛДЕМ ДАМЫМАУЫ.СИНОНИМІ: МЫЛҚАУ.**

- **АФАЗИЯ- БҰЛ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ЖАРТЫЛАЙ ЖОҒАЛУЫ, ЖОЙЫЛУЫ.МИ ҚОРАБЫНЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ, НЕЙРОИНФЕКЦИЯ, МИДАҒЫ ІСІКТІҢ САЛДАРЫНАН АДАМНЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНЕН АЙЫРЫЛУЫ.**

- **БРАДИЛАЛИЯ –СӨЙЛЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАН ТЫС БАЯУЛАУЫ. ТАХИЛАЛИЯ- СӨЙЛЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАН ТЫС ЖЫЛДАМ БОЛУЫ.**

- **ДИСФОНИЯ –ДАУЫС ШЫҒАРУ МҮШЕЛЕРІНІҢ( КҮШІ, БИІКТІГІ, ТЕМБРІ) ҚАЛЫПТАН ТЫС ӨЗГЕРУ СЕБЕПТЕРІНЕН ДАУЫСТЫҢ ЖАРТЫЛАЙ БҰЗЫЛУЫ. АФОНИЯ-ДАУЫСТЫҢ ТОЛЫҚТАЙ ЖОЙЫЛУЫ.**

- **ДИСЛЕКСИЯ –ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ЖАРТЫЛАЙ БҰЗЫЛУЫ. АЛЕКСИЯ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ МҮЛДЕМ ҚАЛЫПТАСПАУЫ.**

- **ДИСГРАФИЯ –ЖАЗУ ПРОЦЕСІНІҢ ЖАРТЫЛАЙ БҰЗЫЛУЫ.АГРАФИЯ –ЖАЗУ ПРОЦЕСІНІҢ МҮЛДЕМ ҚАЛЫПТАСПАУЫ.**

**ОНР**

**Сөйтіп жалпы тіл кемістігінің бірінші деңгейін былай сипаттауға болады:**

**1.Сөздік қоры жоқтың қасы. Ол былдырлап түсініксіз айтылған сөздерден, басқа дұрысқа елктеген дыбыстардан күнделікті қолданылатын кейбір оңай сөздерден тұрады.**

**2.Баланың енжар сөз қор пайдаланатын сөз қорына едәуір мылқау болады, бірақта сөз түсінігі тым тайыз. Сөздерді бінеше рет қайталаған таныс ситуацияға түсінеді.Мысалы: «қолыңды қалтаңнан ал» деген бұйрықты бала дұрыс орындауы мүмкін «қалтаңды көрсет» дегенде ол көрсете алмайды. өйткені ол қалта деген сөздің мағынасын түсінбейді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті мүлдем дамымаған.**

**3. Сөздің, дыбыстық буынның құрамын сақтау қайталау қабілеті дамымаған.**

**Жалпы тіл кемістігінің екінші деңгейіндегі балалар төмендегідей сипатталады.**

**1.Балалардың белсенді сөздігі зат есім, етістік, сын есім, үстеу сөздерімен толықтырылады.**

**2. Сәтсіз болсада бұ деңгейдегі балалар септік жалғаулармен жұрнақтарды пайдалана бастағаны байқалады.**

**3.Бұл деңгейде балалар сөзді байланыстырып сөйлей бастайды.**

**4.Сөзді түсінуі жетіледі,белсенді және енжар сөздіктер толығады.**

**5.Әліде көп дыбыстарды және кейбір сөздерді дұрыс айта алмайды.**

**Дыбыстық талдау және жинақтау әдістерін игеруге дайын еместігі байқалады.**



Сонымен, сөйлеу тілі дамуының *үшінші деңгейі* мынандай кемшіліктермен сипатталады:

1. Бала ауызекі байланыстырып сөйлегенде кейбір сөздерді білмейтіндігі және дұрыс қолдана алмайтындығы байқалады. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездеседі.
2. Тілдің грамматикалық жағының дамымағаны байқалады. Балалар септік жалғауларды, жұрнақтарды қолдануда қате жібереді. Сөз өзгерту қабілеті мүлдем дамымаған.
3. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолданады, құрмалас сөйлемдер сирек кездеседі.
4. Бұл деңгейдегі көптеген балаларда сөздің буындарын дұрыс айтпау кемшіліктері сақталады да, талдау жинақтау тәсілдерін меңгеруде қиындық туғызады.

Жалпы сөйлеу тілі дамуының *төртінші деңгейіндегі балалардың сипаттамасы.*

Әдетте, ЖСТД балалардың мектепалды даярлық тобына келіп түсуі алдында, өткен жылдарда сөйлеу тілі кемістіктері түзелген болса да, сөйлеу тілі компоненттерінің (фонетика, лексика, грамматика) дәл сол берілген уақытта белгіленген шамаға келмеуіне байланысты балалармен сөйлеу тілін дамыту жұмысы келесі топта жалғастырылады.

Сөйлеу тілінің мұндай кешеуілдеуі кейінгі уақытқа дейін жалпы сөйлеу тілі дамымауының көмескі түрі деп аталып келді. Сөйлеу тілінің бұл түрін ресейлік автор Т. Б. Филичева және Қазақстандық автор М. С. Грушевская зерттеген.

Қазіргі уақытта мұндай сөйлеу тілі дамымауын «ЖСТД 4-деңгейі» деп белгілейтін болды. (Т. Б. Филичева).

Бұл деңгейдегі балалар ең алдымен, өз ойларын түйіндеп айта алмаумен сипатталады. Берілген тақырып, сурет, сюжетті суреттер сериясы бойынша, тіректі сурет схемасы бойынша әңгіме құрастыру кезінде, жүйелі логикалық ой бағыты бұзылып, ортасында тоқтап қалып, негізгі түйінін айтпай кетеді және жеке эпизодтарды қайталай береді.

Әңгімелеуінде балалар аз ақпарат беретін жәй және жайылма сөйлемдерді қолданады. 4-деңгейдегі балалар өз ойларын жоспарлай алмайды, тіл құралдарын іріктеуде қиналады.

Сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды дұрыс түсініп және тиімді ықпал жасау үшін оны жоюдың ең ұтымды және үнемді жолын таңдау керек. Сөйлеу тілі жүйелерінің қай бөлігінің ақауланғанын анықтай білу және тексеру барысында алынған мағлұматтарды сапалы талдау қажет.

Сөйлеу тілінің бұзылуын анықтау теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызы зор мәселе болып табылады. Анықтау немесе диагностикалау барысында тек сөйлеу тілінің бұзылу түрі ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар түзету-логопедиялық жұмысын мақсатты, нәтижелі ұйымдастырудың жағдайлары анықталады.